

ОЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖОГАРЫ БІЛІМ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР МИНИСТРЛІГІ
ШЫРШЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТІ



ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫ
ПӘННІҢ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім саласы: 100000 – Білім
Оқыту саласы: 110000 – Білім
Оқыту бағыты: 60110800 – Ана тілі мен әдебиеті
(қазақ тілі және әдебиеті)

Шыршық – 2024

Нэн/модуль коды	Оқу жыны	Семестр	Кредиттер
QozAT 1220	2024/2025	2	4
QozAT 1320	2025/2026	3-4	8
QozAT 1420			
QozAT 1520	2026/2027	5-6	8
QozAT 1620			
Пән/модуль түрі	Оқыту тілі:	Английс.саят	
Міндетті	Қазақ тілі	4	
1.	Пәннің аты	Аудитория жаттығулаres (саят)	Озіндік білім (саят)
	Казақ әдебиеті тарихы	300	300
2.	I. Пәннің мазмұны Пәнді оқытудан мақсат – студенттерге қазақ әдебиетінің саласы ежелгі дәуір әдебиетінің бастау бұлактары сәк және гүн дәуіріндегі қаһармандық дастандар, Орхон-Енесей жазба ескерткіштері және олардың көркемдік ерекшеліктері, ортағасыр түркі текстес ғалымдардың енбектері, Алтын Орда дәуірі әдебиеті және XVII ғасырдағы көркемдік тарихи шежілер туралы, хандық дәуір әдебиеті тұсындағы ұлттық сөз өнері тарихының елеулі бір кезеңін қамтиды. Пәннің мазмұнында ауызша дәстүрлі жыраулық және акындық поэзияның табиғи сабактастыры, көркемдік, стильдік жалғастық мәселелері ғылыми-теориялық тұргыдан мәлімет беру. Пәннің міндеттері – ежелгі дәуір әдебиеті әдебиеттану ғылыминың белімі ретінде көркем сөз өнерінің тарихын халқымыздың төл тарихынан бөліп жармай, тұтас күйінде алып зерттейтінін аңғарту; ежелгі дәуірдегі шығарманның туылсызын, әдеби өмірдің кемелденуін, сан алуан әдеби бағыттар мен көріктеу құралдарының даму кезендерін, әдеби үдерсіке ықпал еткен қаламгерлердің шығармаларын танып-білу; ежелгі дәуір шығармаларын зерттеуге ат салысқан әрідегі, берідегі ғалымдардың ғылыми зерттеу енбектерімен студенттерді хабардар ету.	600	Жалғыз жүргізуеме (саят)
.	II. Негізгі теориялық болім (лекция жаттығулаres) II.I. Пән күрамына томендегі тақырыптар енеді: Сактар және ғұндар дәуіріндегі қаһармандық дастандар 1-тақырып. Сак және гүн дәуіріндегі қаһармандық дастандар. Сактар-көшпендер.. Шырак. Томарис дастандары. Алып Ер Тонға дастаны. Оғызнаме дастаны. Ғұндар жайлы түсінік. Ғұндар дәуіріндегі қаһармандық дастандар. Шу дастаны. Кек борі дастаны. Ергенекон дастаны.	2	

2-такырып. VI-IX ғасырлардағы түркі әдеби ескерткіштері.

Түркі қағанатының пайда болуы және дамуы. Орхон-Енесей жазба ескерткіштері. «Күлтегін», «Тоныкөк» дастандары, зерттелуі және олардың көркемдік ерекшеліктері.

3-такырып. Қорқыт ата (ақиқат пен аңыз). Қорқыт ата кітабы.

Қорқыт ата кітабы. Қолжазба нұсқалары. Зерттелуі. Қорқыт атаның есiet-нақыл сөздері.

4-такырып. Ислам дәуірі әдебиеті. Әбу Насыр әл-Фараби.

Ислам дәуірі әдебиеті туралы түсінік. Әбі Насыр әл-Фараби әнциклопедист ғалым және әдебиет зерттеушісі. Өлең кітабы.

5-такырып. М.Қашқари. «Диуани лугат ат-түрік» еңбегі.

М.Қашқари – әнциклопедист ғалым. Диуани лугат ат-түрік еңбегі. Зерттелуі. Сөздіктің әдеби мәні. Көркемдік ерекшеліктері.

6-такырып. Жұсіп Баласағұн. «Құтты білік» дастаны.

Ж.Баласағұнның өмірі мен атқарған қызметі. «Құтты білік» дастанның құрылышы мен сюжеті. Дастанның көркемдік ерекшеліктері.

7-такырып. Ахмет Йұғнеки. «Хибат-ул хаққайық» дастаны.

А.Йұғнекидің өмірі мен ақындық қызметі. «Ақиқат сыйы» дастанының қолжазба нұсқалары мен зерттелуі. Дастанның композициялық құрылышы мен идеялық мазмұны. Дастанның көркемдік ерекшеліктері.

8-такырып. Ахмет Йассауи. «Диуани хикмет». Сұлеймен Бақырғани. «Бақырғани кітабы».

Сопылық поэзиясы туралы түсінік. Ақынның өмірі мен қызметі. Дастанның зерттелуі мен басылымдары. “Диуани хикметтің” идеялық мазмұны мен көркемдік ерекшеліктері. Сұлеймен Бақырғанидің “Бақырғани кітабы”.

9-такырып. Алтын Орда дәуірі әдебиеті. Сайф Сараи «Гүлстан бит-түрки» еңбегі.

Алтын Орда әдебиеті туралы түсінік. Рабғузидің «Қисса-сул әнбия» еңбегі. «Кодекс Куманикус» - қыпшақтар кітабы. Сайф Сараи әрі лирик, әрі эпик ақын. «Гүлстан бит-түрки» еңбегінің қолжазба нұсқасы, зерттелуі. Дастанның композициялық құрылымы мен идеялық мазмұны..

10-такырып. Хорезми. Мұхабbat-наме дастаны.

Дастанның қолжазба нұсқалары мен зерттелуі. Дастанның композициялық құрылышы. Дастанның көркемдік ерекшеліктері.

11-такырып. Құтб. «Хұсрау-Шырын» дастаны. Дүрбек. «Жұсіп-Зылиха» дастаны.

«Хұсрау-Шырын» дастанының зерттелуі. Құтб аудармасының ерекшеліктері. Дастандағы образдар жүйесі. Дүрбек «Жұсіп-Зылиха» дастаны. Дастанның идеялық мазмұны. Дастандағы образдар жүйесі.

12-такырып. Тарихи шежіре және көркемдік дәстүр. Әбілгазы Баҳадүрхан. «Шежіре-и түрік».

Шежіре туралы түсінік. Әбілгазы Баҳадүрхан – түркі халықтарының

ежелгі шежіресін жазған гұлама-тариҳшы, «Шежіре-и түрік» еңбегі.

13-тақырып. Қадыргали Жалаири. «Жами-ат тауарих».

Қадыргали Қосымұлы Жалаири – қазақтың гұлама тариҳшысы, когам және мемлекет қайраткері, «Жами-ат тауарих» еңбегі.

14-тақырып. Захириддин Мұхаммед Бабыр. «Бабыр-наме».

Ақының омірі мен қызметі. Бабыр – лирик ақын, әдебиет зерттеушісі. «Бабыр-наме» тарихи шежіре, көркем туынды. Дастаның зерттелуі және аудармалары.

15-тақырып. Мұхаммед Хайдар Дулати. «Тарих-и-Рашиди».

Мұхаммед Хайдар Дулати – қазақтың тұңғыш тариҳшы ғалымы, кеменгер ойшылы. «Тарих-и-Рашиди» - көркем шежіре.

Хандық дәуірі әдебиеті

1-тақырып. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет.

XV-XVI ғасырдағы қазақ әдебиетінің зерттелуі. XVIII ғасырдағы қазақ әдебиеті. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиеттің даму багыттары.

2-тақырып. Асан үайғы омірі, шығармашылығы мен толғаулары.

Асан қайғы қмірі туралы мәлімет. Аты аңызға айналған данышпан. Асан қайғы толғауларының тақырыптық ерекшеліктері, дидактикалық сарыны. Әз-Жәнібек ханға айтқан арнау-толғаулары.

3-тақырып. Қазтуған жырау омірі мен шығармашылығы.

Қазтуған жырау омірі туралы мәлімет. “Бұдырайған ек шекелі” толғауындағы Қазтуғаниң өз бейнесі. Жыраудың толғауларындағы суреттеулер мен обарздар.

4-тақырып. XVI ғасырдағы қазақ әдебиеті. Доспамбет жырау.

Жыраудың өмірінен мәлімет. Жырау толғауларының басты идеясы – ерлікті, батырлықты дәріптеу. «Қоғалы қөлдер, қом сулар», «Айналайын Ақ Жайық», «Сере, сере, сере қар» толғауларындағы елді-жерді қорғау міндеті, соғысып олу арманының көрініс табуы. Доспамбет толғауларындағы дүниенің өткіншілігі, адам өмірі туралы ой толғаныстарының жырлануы.

5-тақырып. Шалқиіз жырау.

Ш.Тіленшіұлы (1456-1560) – қазақ поэзиясында философиялық бағыттың негізін салушы, жаңашыл жырау. Жыраудың өмірінен деректер. Арнау-толғауларындағы заман тынысы, хан мен жырау қарым-қатынасы. Шалқиіздің ақындық шеберлігін танытатын көркемдік тәсілдер. Жырау шығармашылығының зерттелуі.

6-тақырып. XVII ғасыр қазақ әдебиеті. Жиембет жырау.

Жиембет Бортогашұлы – Есім ханының әскербасы батырларының бірі әрі жорықты жырау, қабырғалы би. Жырау өмірінен мәлімет берер аңыз әнгімелер. Есім ханға арнаған толғулары.

7-тақырып. Марғасқа жырау.

Марғасқа жырау – Есімханының батырларының бірі, жырау. Өткір тілді, сұрып салма өнердің шебері. Марғасқа жырау – ерлікті,

беріктікті жырлаушы. «Ей, Қатағанның хан Тұрсын» толғауының шығу тарихы.

8-такырып. XVIII ғасыр қазақ әдебиеті. Ақтамберді жырау.

Ақтамберді Сарыұлы (1675-1768) – жонғарларға қарсы құрес дәүіріндегі қол бастаған батыр, жортуды жыршысы. Жыраудың өмірінен мәлімет. Толғауларындағы басты сарын – ерлікке, батырлыққа шақыру.

9-такырып. Үмбетей жырау.

Үмбетей (1706-1775) – өз дәүірінің аса маңызды мәселелерін жырлаған үлкен тынысты жырау. Үмбетей жырау толғауларында ел тұрмысындағы маңызды мәселелер, батырлардың ерлігі мадақталып, жырлануы. Үмбетей – Абылай және оның батырлары жайындағы жырларды туғызушилардың бірі. Жырау толғауларында ел, жер, тарихы туралы деректердің берілуі. Үмбетейдің данқын шығарған «Бөгембай өліміне», «Бөгембай өлімін Абылай ханға естіртуі» толғаулары.

10-такырып. Тәтіқара өмірі мен шығармашылығы.

Тәтіқара ақын – қазақ халқының тарихында сырт жауларға қарсы күрестің ұраншысы, жауынгер ақын. Тәтіқара ақынның Абылай ханының жортылу жыршысы болғы. Ақын өмірінен декертер. «Қамыстың басы майды, түбі сайда» толғаулары ерлердің рухын көтеру, жігерлендіру үшін айттылғаны.

11-такырып. Шал (Тілеуке) Құлекеұлы өмірі мен шығармашылығы.

Шал Құлекеұлы – жыраулар поэзиясы үлгісінен өзгешелеу, жаңа типтегі ақын. Шал ақынның өмірінен мәлімет. Ақын өлеңдерінің тақырыптық ерекшеліктері. Кедейлік, адам өмірінің кәрілік, жастық кезеңдері. Шал ақын өлеңдеріндегі лирикалық поэзия үлгілерінің кездесуі.

12-такырып. Бұхар жырау өмірі мен шығармашылығы.

Бұхар жырау Қалқаманұлы (1668-1781) – қазақ жыраулар поэзиясындағы алабы. Абылай ханының кеңесшісі, ақылгөй би. Бұхар жырау – қазақ халқының ынтымағын, бірлігін ту етіп көтерген ұлы тұлға, кеменгер жырау. Жыраудың өмірі туралы мәлімет. Жырау шығармашылығын тақырыптық ерекшеліктеріне қарай: адамгершілік-имандылық тәрбиесін жырлайтын насиҳат толғулар, ел бірлігі тақырыбындағы толғаулар, Абылай ханға арналған толғаулар, отаршылдыққа байланысты туған толғаулар деп топтастырып қарастыру.

13-такырып. Қотеш ақын өмірі мен шығармашылығы.

Қотеш ақын Райымбекұлы (1745-1818) – жонғарларға қарсы күрестің жырлаған жауынгер ақын. Ақынның тұрмыс, кедейлік мәселелерін жырлаған толғау жырлары.

14-такырып: Жанкісі мен Жанак ақын өмірі мен шығармашылығы.

Жанкісінің өмірінен мәлімет. Жанкісі ақынның - Коқан

әміршілерінің озбырылығын әшкөрелейтін, қасірет шекен халық атынан айтылатын арыз ретіндегі туындылары.

Жанақ – ел аузында аты көп аталаған жүрген, қазақтың өлкесіне есімі әйгілі саңлак. Ақын өмірінен мәлімет. Жанақ айттыскер ақын. Жанақ – арнау өлең көп шығарған ақын.

XIX ғ. реалистік әдебиет

1-тақырып. Махамбет Өтемісұлы өмірі мен шығармашылығы.

Махамбет Өтемісұлы (1803-1846) – еліне, халқына шын беріліп, сол үшін шыбын жаңын пиде еткен асыл ер, қалың бұқара мақсатын жоғары ұстай білген азамат ақын. Ақын өмірінен деректер. Махамбет – сұуырып салма, төкпе, қүрескер ақын. Махамбет заман шындығынан бірден-бір дұрыс қорытынды жасай білген реалист ақын. Махамбет – қазақ әдебиетінде ең бірінші болып хан-сұлтандарға өарсы халық қарғысын батыл да ашыө айта алған ақын.

2-тақырып. Шернияз Жарылғасұлы өмірі мен шығармашылығы.

Шернияз Жарылғасұлы (1807-1867) – сұуырып салма, төкпе ақын. Шернияз Махамбет рухында өлендер шығарып, халықты ханға қарсы қүреске үндейді. Шернияз табан астынан уытты сөздерді, шешендік тіркестерді шығарып айтуға шебер ақын. Шернияз – көкрем сөзге жүйрік, тілге шебер, өзіндік беті айқын, ойларын жеріне жеткізе айта білген шешен ақын.

3-тақырып. Шөже Қаржаубайұлы өмірі мен шығармашылығы.

Шөже Қаржаубайұлы (1808-1895) – сұуып салма, төкпе ақын. Ақынның өмірінен мәлімет беру. Шөже ақынның толғаулары мен арнау өлендері. Шөже – айттыскер ақын. Шөже халық мұраларын жатқа білген, жиі айтып жүрген.

4-тақырып. Мәделі Жұсіпқожаұлы өмірі мен шығармашылығы.

Мәделі Жұсіпқожаұлы (1816-1888) – қазақ топырағындағы әрі батыр, әрі ақын атанған азаматтардың бірі. Мәделі – айттыскер ақын. Мәделі ақын – ел татулығын, тыныштығын тілеген ақын. Мәдеоі – сыал өлендер де жазған, поэзияда өзіне тән түр іздерін салған.

5-тақырып. Шортабай Қанайұлы өмірі мен шығармашылығы.

Шортабай Қанайұлы (1818-1881) – XIX ғасырда қазақ әдебиеті тарихынан елеулі орын алатын, өзіндік сөз өрнегі бар өнерпаз. Ақынның өмірі туралы мәлімет. Шортабай – өз дәуірінің шынайы сыншысы.

6-тақырып. Сүйінбай Аронұлы өмірі мен шығармашылығы.

Сүйінбай Аронұлы (1822-1895) – қазақ халқына белгілі ақындардың бірі. Сүйінбай өмірінен деректер. Сүйінбай – айттыскер ақын. Сүйінбай – халқымыздың поэтикасына жетік шебер тілді, жүйрік ақын. Сүйінбайдың арнаулары мен толғаулары. Сүйінбай – халық батырларын

ұлғі етіп, қаһармандық жырларын толғаган эпик ақын.

7-тақырып. Майлықожа Сұлтанқожаұлы өмірі мен шығармашылығы.

Майлықожа Сұлтанқожаұлы (1835-1898) – XIX ғасыр қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі. Ақынның өмірінен деректер беру. Ақынның толғаулары мен арнаулары. Майлы ақын – өзі өмір сүрген заманың озығырлық сырын жақсы түсініп, әділет жолын жақтаған ақын.

8-тақырып. Мұрат Мөңкеұлы қмірі мен шығармашылығы.

Мұрат Мөңкеұлы (1843-1906) – жеңістік шешен-жырау, төгілген ақпа ақын. Мұрат – айтыскер ақын. Мұрат ақын шығармалырының ең көлемдісі “Қарасай-Қази” жыры. Мұрат ақынның әдеби мұраларының құнды бір саласы, оның лирикалары – аранау, хат, сын-сұхбат, ақыл-нақыл сарындағы туындылары.

9-тақырып. Біржан сал Қожағұлұлы өмірі мен шығармашылығы.

Біржан сал Қожағұлұлы (1831-1897) – XIX ғасырдағы қазақ халқы мәдениеті тарихынан елеулі орын алғатын ірі ақындардың бірі. Біржанна қалған мұралар – салмағы, қадір қасиетітері, шынайы өнер туындыларына лайық, шын мәнінде ғажайып туындылар. Біржан – лирик ақын. Біржан – айтыскер ақын.

10-тақырып. Сара Тастанбекқызы өмірі мен шығармашылығы.

Сара Тастанбекқызы (1853-1907) – халқымыздың ғасыр бой аузынан тастамай, атының өзін бойтұмардай қастерлеп келген өлең өнерінің дәлмәрі. Ақын өмірі туралы. Сара – дарынды ақын, саналы суреткер, көркем сөздің шебері. Сараның ақындық өнерінің шыны – Біржанмен айтысы.

11-тақырып. Ақан сері Қорамсаұлы өмірі мен шығармашылығы

«Ақан сері Қорамсаұлы (1843-1913) – қазақтың ән өнері аспанында зор даусымен асқақатат жыр несерін төккен ерекше дарын иесі, сегіз қырлы, бір сырлы адагер азамат. Ақан сері – лирик, әнші, ақын. Ақын өлеңдеріндегі сүйіспеншілік тақырыбы. Ақан сері қоғам өмірі туралы терең тоғанып, езілген елмен бірге күніренген ақын.

12-тақырып. Шоқан Үәлиханов өмірі мен шығармашылығы.

Шоқан Үәлиханов (1835-1865) – заманының жан-жақты білгір ғалымы, батыл саяхатшысы. Ол – қазақтың тарихын, этнографиясын және әдебиетін түңғыш зерттеуші. Шоқан – халық ауыз әдебиеті үлгелерін жинаушы. Шоқан – публицист жазушы.

13-тақырып. Ыбырай Алтынсарин өмірі мен шығармашылығы.

Ыбырай Алтынсарин (1841-1889) – қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар жазушы. Өз заманының ірі қоғам қайраткері, тқңғыш педагог жазушы, ағартушы ғалым. Ыбырай - қазақ даласында оқу-ағару

ісімен және мектеп ашу жұмысымен шүғылданған ұстаз. Үбырайдың – педагогикалық көзқарастары. Үбырай көрнекті ақын, талантты жазушы.

14-такырып: Абай Құнанбаев өмір мен шығармашылығы.

Абай Құнанбаев (1845-1904) – қазақ халқының тұтас бір дәуіріндегі ақыл-оізы мен мәдениетінің, өнері мен әдебиетінің асқар шыңы іспетті бейнеленетін кеменгер ақын. Абай шығармашылығы. Абай казақ поэзиясының реформаторы. Абайдың поэмалары. Абайдың қарасөздері мен нақылдары – ақын шығармашылығының елеулі саласы, өлеңдерімен мазмұндас, идеялас, бірін-бірі толықтыра түстетін маңызды шығарма.

XX ғасыр басындағы әдебиет

1-такырып: XX ғасырдағы тарихи-әлеуметтік жағдай.

XX ғасырдағы тарихи-әлеуметтік жағдай. XX ғасыр басындағы әдебиеттегі бағыттар. Тарихи -саяси жағдай, Қазақстандағы оқу-ағарту мәселелері, кітап базу, баспасөз ісінің жандануы, орыс, европа, шығыс классиктері туындыларының аударылуы, проза жанрының өркендеуі, әдебиеттің бағыт- бағдары: ағартушылық бағыт, ағартушы демократтық бағыт, азатшыл- демократтық бағыт

2-такырып: Ақмолла (Муфтахиддин) Мұхаммедияров өмірі мен шығармашылығы.

Ақмолла (Муфтахиддин) Мұхаммедияров (1839-1895). Ақынның Башқұрт Республикасында туылып, Стерлітамақтағы татарлар арасында есүі. Орынбор, Троицкідегі медреселерде окуы. Ақмолланың Маржани жөніндегі мәрсиясы.

3-такырып: Әбубекір (Кердери) Шоқанов өмірі мен «Әдебиет қазақия» кітабы

Әбубекір (Кердери) Шоқанов (1858-1895). Өмірі мен шығармашылығынан мәлімет. «Әдебиет қазақия» кітабы мен айтыстарының ерекшеліктері.

4-такырып: Шаңды Жәңгіровтің өмірі мен шығармашылығы

Шаңды Жәңгіров (1865-1931). Туылып өскен жері – Түркістан төңірегі. Оқып-білім алған ортасы – Түркістан, Та什кент, Бұхара, Самарқанд, Шымкент, Қызылорда медреселерінде мударрис-оқытушы болып, ауылда молда болып қызмет етуі.

5-такырып: Нұржан Наушабаев өмірі мен шығармашылығы

Нұржан Наушабаев (1859-1919). Бұрынғы Костанай уезінің Арақарагай болысында туған. Өскен жері мен оқып білім алған, еңбек еткен ортасы - Костанай, Торғай төңірегі. «Білімдік дариясынан іштік қанып» деп ол өзінің көп оқығандығынан дерек береді. «Манзumat қазақия» (1903) атты кітабында қазақтың шығу тегі жайлы ел аузындағы анызды қолдайтыны.

6-такырып: Мәшіүр Жүсіп Көпееев өмірі мен шығармашылығы

Мәшіүр Жүсіп Көпееев (1858-1931). Көп жасап, тарихи талай кезеңдерді басынан өткізді. М.Ж. Көпееев шығармашылығы. Дастандары. Өлеңдерінің такырыбы мен идеясы. Өлеңдеріндегі имандылық

мәселелері.

7-такырып: Мақыш Қалтаев өмірі мен шығармашылығы

Мақыш Қалтаев (1869-1916). Ақмола-Қараманында туылған, Көкшетау, Ақмола, Солтүстік Қазақстан төңірегінде молда, мұғалім болып қызмет істеуі. Шығармалары діндарлық сарында екені. Мақыш өлеңдерінің тақырыбы мен идеясы.

8-такырып: М.Байзақов және Тайыр Жомартбаев өмірі мен шығармашылығы

М.Байзақов (1849-1932), лақап аты Молда Мұса. Шығыс әдебиеті дәстүрінде тәрбиеленуі. Өлеңдерінде сын, сыншылдық мотив молдығы.

М.Байзақов мысалдары, поэмалары, айтыстары. Сыншыл реализм әдебиеті (ағартушы-демократиялық бағыт)

Тайыр Жомартбаев (1884-1937). Абай ауылында туылған, Абай өнегесінде тәлім алған, өсуі. Жасынан Абай поэзиясына еліктеуі, оқып-білім ала келе Ы.Алтынсариннің, орыс классиктерінің шығармаларының құныға окуы.

9-такырып: Ш. Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығы

Абай өнегесінде тәлім алған, өсуі. Жасынан Абай поэзиясына еліктеуі. Қоғамдық-әлеуметтік, рухани-мәдени, әдеби өмірге белсене араласуы. Ақын прозаик, аудармашы, философ, тарихшы ретінде артында мол мұра қалдыруы. Абай дәстүрін, оның демократтық-гуманистік көзқарасын жалғастыруши, дамытуши.

10-такырып Демократ-ағартушы ақын-жазушылар.

М.Сералиннің өмірі мен шығармашылығы

Мұхаметжан Сералин (1872-1920). Өмірі: окуы, мұғалімдік қызметі. Татар саудагерінде жалданба сатушы болуы. Журналистік қызметі. «Айқап» журналын шығаруы. «Топжарған» поэмасының объективтік мәні. «Гүлхашима» поэмасы махаббатты жырлайтыны, жазба әдебиет дәстүріне бейім екені. «Киіктің көз жасы» атты дастаны. Бұларын баспа бетін көрмеген шағын дүние, көлемі он шақты бет, шығыстық үлгіде жазылған таза діни дастан.

11-такырып: С.Көбеев пен С. Дөнентаевтың өмірі мен шығармашылығы

Спандияр Көбеев (1878-1956). С.Көбеевтің Ы.Алтынсарин ашқан мектепте оқып, орыстың прогрессивтік мәдениетін табиғи түрде бойына сініріп, идеялық жағынан кекселенуі. Оқытушылық қызметі. Крылов мысалдарын аударуы: тұнғыш рет көлемді кітап шығарудың мәдени, идеялық, эстетикалық маңызы. «Қалың мал» романы. Педагог-жазушы С.Көбеевтің қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында ерекше орын алатыны.

Сәбит Дөнентаев (1894-1933). Өмірі. Павлодар-татар медресесінде окуы. Шығарманың тақырыбы. Сыншыл реализмі әдебиетінің ірі өкілі екендігі. Ағарту, сот қызметінде болып, шығармашылық қызметке 1924

жылы оралуы.

12-тақырып: С.Торайғыров өмірі мен шығармашылығы

Сұлтанмахмұт Торайғыров (1893-1920). Шығармашылығының зерттелуі. Өмірбаяны. Троицкіде болуы, окуы. «Айқап» журналында істейі. Орыстың прогрессивтік мәдениетіне, орыс тіліне құмартуы, әлеуметтік көзқарасы. Абай, Г.Тоқай шығармашылығымен танысыуы, олардың идеялық, шығармашылық әсері. Ақын шығармаларының тақырыбы, дәүірге, түрге, жанрга жіктеу. Лирикасы. «Кім жазықты?» романы. Романда үш үрпақ өмірінің суреттелуі. Публицистикасы. С.Торайғыров - сол дүбірлі кезеңдегі қазақ қауымының ел толғакты мәселелерін күйіне, күнірене жыр еткен азамат ақын екені.

13-тақырып: Э.Тәнірбергенұлының өмірі мен шығармашылығы

Әріп Тәнірбергенұлы (1856-1924). Өмірі, ақындық қызметі. Шығармаларының ауыз әдебиеті дәстүрінде жазылуы. Оларда өз дәүірінің біраз мәселелері көтерілетіні. Әріптің өлеңдері әр қылышы.

Өлеңдерін мазмұн тақырыбына қарай төрт салаға бөлуге болатындығы: ғылым-білімнің пайдасы жайлы; достық, махаббат, дүние, өмір жайындағы өнеге-өсінет сөздер. Әріптің «Біржан мен Сара» айтысын редакциялап, бастырудагы еңбегі. Әріптің аудармалары. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыспен байланысты туған әдебиет. Қозғалыстың әлеуметтік сипаты. Жиырма бесінші июнь жарлығы. Оны болыс-білердің қолдауы, бұқара көпшілік қарсы болуы.

Көтеріліске байланысты туған жырлардың жанрлық, стильдік, поэтикалық, лексикалық өзгешеліктері.

14-тақырып: А.Байтұрсынов өмірі мен шығармашылығы

Ахмет Байтұрсыновтың (1873-1938) өмірі мен творчестволық жолы. Қазақ мәдениеті тарихындағы ірі тұлға, аса көрнекті ғалым, қоғам кайраткері және белгілі де беделді ақын, аудармашы «Қырық мысал» А. Байтұрсыновтың И.А.Крыловтан аударған мысал өлеңдері. Мысалдарды аударуда ұстанған негізгі межесі – халқымызға жақын, таныс дүниелер, ортақ мінезд-құлыш мысалында гибрат айтып, ұлғілі өнерге шақыруы.

А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» кітабының ғылымилығы, аудармашылық шеберлігі. Тіл білімі мен әдебиеттану саласындағы еңбегі.

15-тақырып: М.Дулатов өмірі мен шығармашылығы

М.Дулатовтың (1885-1935) өмірінен мәлімет. «Оян қазақ» жинағындағы өлеңдердегі уағызыдаған прогрессивті идеялардың ағартушылық-демократиялық бағыты.

«Бақытсыз Жамал» - қазақ әдебиетіндегі тұңғыш роман. Романда суретtelген әлеуметтік теңсіздік, қазақ әйелінің аянышты тағдыры. Жамал образының типтілігі, реалистілігі, автордың адам психологиясын беру, композиция құру шеберлігі.

Қазіргі қазақ әдебиеті

1-тақырып: XX ғасыр 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті.

Қазан төңкерісінен кейінгі қазақ әдебиетінің XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басындағы халықтық классикалық әдебиеттің міншылық реалистік бағытын, адамгершілік дәстүрін сақтай отырып дамуы, әдебиеттің саяси алеуметтік мәселелердің, революциялық өзгерістерді жырлауға бет бұруы. Жаңа әдебиеттің негізгі салалық белгілері, ізденістерінің бағыты, мазмұн байлығы. Таңтық күрестер және оның әдебиетке әсері. Еңбекшілердің күреске шакырған, бостандық, теңдікті жырлаған шығармалардың туу жағдайлары, оның жазушылар ортасында жіктеушілік тудыруы. Әдебиеттің жаңа кейіпкерлерін жасауға ұмтылышы. Жанрлардың дамуы. Отызыншы жылдардағы қоғамымыздың саяси-әлеуметтік сипаттамасы, оның әдебиет пен өнердегі көрінісі.

2-тақырып: Магжан – жарқырап шыққан жұлдыз

М.Жұмабаевтың (1893-1938) өмірі мен творчестволық жолы. Магжан өлеңдерінде суреттелген еңбекші халықтың ауыр халі, қазақ ауылында етек алған алеуметтік және рухани әділетсіздік, катігездік көріністер. Бұл саладағы өлеңдерде халықтық рух, азаматтық әуен, ағартушылық-демократиялық сарын. «Батыр Баян» – тарихи-эпикалық поэма. Поэманың тарихи-әлеуметтік негізі.

3-тақырып: Ж.Аймауытов – шебер жазушы

Ж.Аймауытовтың (1898-1931) өмірі мен шығармашылық жолы, қоғамдық-әлеуметтік мұрасы. Дарынды жазушы, драматург, аудармашы, публицист. Жиырмасыншы жылдардағы қазақ романының тууы мен жетілуіндегі Жүсіпбек творчествосының ролі.

«Қартқожа» романы – 1916 жыл мен азамат соғысы кезеңіндегі қазақ ауылындағы алеуметтік ахуалды, бұқара халықтың қын-қыспакты өмірін кең қамтып, көркем бейнеленген әдебиеттің алғашқы елеулі шығарма. Такырыбы мен идеясы.

4-тақырып: С. Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығы

Сәкен Сейфуллиннің (1894-1938) өмір жолы, шығармашылығы, жеке тұлғасы. Сәкеннің кеңес дәуіріне дейінгі творчествосы, өлеңдерінің реалистік сипаты, демократиялық-ағартушылық бағыты, тақырыптық байлығы, суреткерлік шеберлігі. Сәкен өмірі мен шығармашылығының жаңа кезеңі.

5-тақырып: Б.Майлин – шағын әңгіме шебері

Б.Майлиннің (1894-1938) өмірінен мәлімет. Майлин шығармаларының басты тақырыбы - қарапайым еңбек адамы, қазақтың қалың бұқарасының алеуметтік өмірдегі жаңалықтарға байланысты сана-сезімдегі өзгерістері, рухани оянуы, өсуі. Майлин – прозаик, шағын әңгіме жанрының майталманы.

6-тақырып: Ілияс – өрісі кең, өресі биік, эпик ақын

І.Жансұгировтың (1894-1938) өмірі мен шығармашылығы. Ілияс үздік ақын. Лирикасындағы табигат және өнер тақырыбы. Жазушылық таланттының поэзияда танылуы. Поэма жанрын дамытудағы енбегі.

7-тақырып: 1930-1950 жылдардағы қазақ әдебиеті.

Қазіргі қазақ әдебиеті жанрларының есүі. Әдебиетке Ә.Әбішев, Ә.Сәрсенбаев, F.Сланов, С.Шәріпов, Ж.Саин, Қ.Аманжолов, Қ.Бекхожин, Д.Әбілевтердің келуі. Әдебиетте әлі де поэзияның басымдығы.

Қазіргі қазақ әдебиетінде драматургия жанрының өрлеуі, ауыз әдебиеті материалына сүйеніп жазылған тарихи тақырыпқа арналған пьесалардың ішінен М.Әуезовтың «Тұнгі сарын» (1934), Л.Соболевтің бірігіп жазған «Абай»(1939), F.Мұсіреповтың «Қозы Қерпеш – Баян Сұлу». Бұлардың жалпы драмалық құндылық жағынан өзге пьесалардан оқшаударымдылығы.

Соғыс кезеңіндегі қазақ ақындарының өлеңдері, туысқан халықтардың жауынгерлік поэзиясының бір арнада дамуы, қазақ поэзиясында Жамбыл шығармашылығының алатын орны. Отан соғысынан кейінгі бейбіт құрылым дәуіріндегі қазақ кенес әдебиетінің есесі, негізгі табыстары.

Партияның идеология саласындағы қаулыларының әдебиетті дамытуға тигізген зияны.

Сабыр Шәріпов(1882-1942). Әлеуметтік қулашы кең қоғам қайраткері. Өмірі мен шығармашылығынан мәлімет. Көптеген әңгіме, очерктерін саяси шаруашылық тақырыпқа жазуы. Қазақ тұрмысынан алынған «Алтыбасар» атты әңгімелер жинағы. Әңгіменің негізгі идеялық бағыты - ұлттар арасындағы қарым-қатынастарды, тіршілік жағдайын шынайы көрсетуі.

Қазақ прозасының 30-жылдардағы өркендеу белесінде «Бекболат» повесінің айрықша орны бар екендігі.

8-тақырып: Иса Байзаков өмірі мен шығармашылығы

Иса Байзаков (1900-1946). Исаның ауыз әдебиеттен жазба әдебиетке көтерілуі. Өлеңді ауызша шығарып айтуда шеберлігі, даңқты импровизаторлығы. Өмірінен мәлімет. Ақынның алғашқы шығармаларының идеялық тақырыптары. Ұзақ поэмаларды жазуға бой ұруы.

9-тақырып: Жамбыл Жабаев – ұлы сахараның жыршысы

Жамбыл Жабаев (1845-1945). Қазіргі қазақ әдебиетінің прозалық үлкен шығармасымен ғана емес, халық поэзиясының ең жақсы дәстүрлерін дамыту арқылы қазақ мәдениетіне үлес қосуы. Өмірінен мәлімет. Жамбылдың айтыстары. Жамбыл – ірі эпик ақын. «Сұраныш батыр» Жамбылдың тәңкеріске дейінгі жылдарының негізгі мотиві ел басындағы ауыр хал, теңсіздік.

10-тақырып: С.Мұқановтың өмірі мен шығармашылығы

Сәбит Мұқанов (1900-1973). С.Мұқанов өмірі мен шығармашылық жолы. С.Мұқанов - әдебиеттің барлық жанрында өнімді еңбек еткен, әдебиет зерттеу ісіне де елеулі үлес қосқан көрнекті жазушы. С.Мұқанов өлеңдерінде жасалған қазақ кедейінің жиынтық бейнесі. С.Мұқановтың «Сұлушаш» шығармасы өлеңмен жазылған роман.

11-тақырып: М.Әуезов – ұлы жазушы

Мұхтар Әуезов (1897-1961). Қазіргі қазақ әдебиеті ғана емес, бүкіл дүниежүзілік әдебиеттің көрнекті өкілі екендігі.

Прозаның оның ішінде роман жанрының қалыптасып дамуына

жазушының үлкен әсері. Қазақ драматургиясының да негізін калаушылырдың бірі екендігі. М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылық жолы. Жазушының 20-30 жылдары жазған шығармаларындағы «Ескілік көлеңкесінде», «Корғансыздың күні», «Қараш-Қараш оқиғасы» т.б. халық тұрмысының реалистік суреттері. М.Әуезовтің өмірге сыншылдық реалистік суреттері, көзқарасы шеберлік өрнектері, романтизм элементтері. Әңгімелеріндегі «Білек-білекке», «Шатқалаң», «Іздер», «Бүркітші» адам образын жасау, өмір шындығын бейнелеудегі ізденістері.

М.Әуезов – драматург. Абай жолы эпопеясы. Абай және өнер адамдары. Романдары махабbat пен достық проблемасы. Романның көркемдік ерекшелігі, жазушының шеберлігі. Романның әдеби-тарихи маңызы.

12-такырып: F.Мұсірепов өмірі мен шығармашылығы

F.Мұсірепов (1902-1985). Қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті екілдерінің бірі екендігі. Проза мен драматургия жанрын дамытудағы еңбегі. Өмірінен мәлімет. F.Мұсірепов – сөз зергері. Алғашқы әңгімелеріндегі шынайы шындық тақырыбы. Шығармаларына жанрлық түрғыдан сипаттама беру. Ғабиттің отызыншы жылдарда драматургияға ауысу. Тарихи тақырыпты көбірек суреттеуі. Романдары қазақ әдебиетінің биік шоққысы екендігі.

13-такырып: F.Мұстафиннің өмірі мен шығармашылығы

Ғабиден Мұстафин (1902-1985). F.Мұстафиннің өмірі мен шығармашылығы. Жазушының қазақ әдебиетіндегі бүгінгі заман тақырыбын игерудегі орны. Тарихи төңкеріс тақырыптағы «Дауылдан кейін» романы – жазушының өсу белесі.

Жазушының кесек көлемді шығармаларды жазуға бет бұруы, бұл саладағы еңбегі «Шығанақ» романы (1945). «Миллионер» повесі (1948) жаңа мен ескінің арасындағы тартыс.

14-такырып: Соғыс жылдарындағы қазақ әдебиеті

Ақшар Тоқмағамбетов (1905-1983). А.Тоқмағамбетовтың өмірі мен шығармашылығы. Алғашқы жинақтары. Тайыр Жароков (1908-1965). Өмірінен мәлімет. Ақынның алғашқы жинағы «Жұлдыз жарығы» (1932). Мұндағы өлеңдер жинағы арқылы поэзияға екпінмен, қарқынмен, шабытпен келгендігін таныту

Ғали Орманов (1907-1973). Ақынның шығармашылық сапары қысқа лирикалық өлеңдер жазудан басталуы. 1927-1928 жазылған «Қора», «Диқанбай», «Мойын-Серік» сияқты өлеңдерінде ұйымдастып, серіктесіп еңбек етуін суреттеуі.

Қасым Аманжолов (1911-1955). Өмірінен мәлімет. Тұңғыш өлеңдер жинағы «Өмір сыры» (1938) деген атпен шығуы. Қасымның Абай поэзиясынан үйренуі. Отан соғысы дәуірі - Қасым Аманжоловтың поэзиясының ескен жылдары екендігі.

Жұмағали Сайн (1912- 1961). Ж.Сайннің тұңғыш өлеңдер жинағы 1936 жылы шыққандығы. 1988 жыл «Алтын таң» атты кітабының жарық көруі.

«Досыма хат» (1939), «Күләнда» (1940) атты поэмалары. Отан соғысы кезінде партизандар отрядын құрушылардың бірі болуы.

15-тақырып: 1950-1990 жылдардағы қазақ әдебиеті.

Әдеби дамудың басты бағыты. Лирикалық прозаның өріс алтуы. Әдеби дамудың әдебиетте реализмнің тереңдеуі. Откен тарихтың қайғылы беттеріне үнілген шығарманың Ш.Мұртаза «Бесеудің хаты», Саттар Ерубаев «Ақбоз үй» т.б. әшкерелегіш сипаты. Әдебиетіміздегі тарихи тақырып. Әбділлда Тәжібаев (1909 жылы туылған). Жазушының қазақ әдебиетінің поэзиясы және драматургия саласында қатар еңбек етуі. Өмірінен мәлімет. Ә.Кекілбаев өмірі мен шығармашылығы. Қазақ романдарының дамуындағы үлесі.

III. Семинар жаттығулар бойынша әдістемелік нұсқау және ұсыныстар

Семинар жаттығулар үшін төмендегі тақырыптар ұсынылады:

1. Сақтар дәүіріндегі қаһармандық дастандар.
2. Ғұндар дәүіріндегі қаһармандық дастандар.
3. “Орхон-Енесей” жазба ескерткіштері. Зерттелуі мен аудармалары жайлы.

4. “Қорқыт ата кітабы” – түркі халықтарына ортақ мұра.
5. әл-Фараби – энциклопедист ғалым.
6. М.Қашқари және “Диуани луғат-ат түрік” еңбегі.
7. Жүсіп Баласағұн және “Құтты білік” дастаны.
8. Ахмет Йұғнеки және “Хибат-ул хақайық” дастаны.
9. Ахмет Йассауи және “Диуани хикмет” дастаны.
10. Саиф Сарай. “Гүлістан бит турки” еңбегі.
11. Хорезми. “Мұхаббат-наме” дастаны.
12. Құтб. “Хұсрау-Шырын” дастаны.
13. Дүрбек. “Жүсіп-Зылиха” дастаны.
14. Әбілғазы Баһадүрхан. “Шежіре-и түрік” еңбегі.
15. Қадырғали Жалаири. “жами-ат тауарих” еңбегі.
16. Бабыр. “Бабыр-наме” дастаны.
17. Хайдар Дулати. “Тарих-и-Рашиди” еңбегі.
18. Асан қайғы өмірі, шығармашылығы мен толғаулары
19. Қазтуған жыраудың өмірі мен шығармашылығы
20. Доспамбет жыраудың өмірі, шығармашылығы мен толғаулары
21. Шалқиіз ақынның өмірі мен шығармашылығы
22. Жиembettің жыраудың арнау-толғаулары
23. Марғасқа жырау өмірі мен шығармашылығы
24. Ақтамберді жырау өмірі, шығармашылығы мен толғаулары
25. Үмбетей жыраудың өмірі мен шығармашылығы
26. Тәтіқара ақынның өмірі мен шығармашылығы
27. Шал ақынның өмірі мен шығармашылығы
28. Бұхар жыраудың өмірі, шығармашылығы мен толғаулары

29. Котеш ақынның өмірі мен шығармашылығы
30. Жанкісі мен Жанақ ақынның өмірі мен шығармашылығы
31. М.Өтемісұлының өмірі мен шығармашылығы
32. Шерніяз ақынның өмірі мен шығармашылығы
33. Шөже ақынның өмірі мен шығармашылығы
34. Мәделі ақынның өмірі мен шығармашылығы
35. Шортанбай Қанайұлының өмірі мен шығармашылығы
36. С. Аронұлының өмірі мен шығармашылығы
37. Майлышқожа ақынның өмірі мен шығармашылығы
38. Мұрат ақынның өмірі мен шығармашылығы
39. Біржан сал өмірі мен шығармашылығы
40. Ақмолла Мұхаммедияров өмірі мен шығармашылығы.
41. Эбубекір (Кердере) Шоқанов өмірі мен «Әдебиет қазакия» кітабы
42. Шаһды Жәңгіровтің өмірі мен шығармашылығы
43. Нұржан Наушабаев өмірі мен шығармашылығы
44. Мәшінүр Жүсіп Көпесев өмірі мен шығармашылығы
45. Мақыш Қалтаев өмірі мен шығармашылығы
46. М.Байзаков және Тайыр Жомартбаев өмірі мен шығармашылығы
47. Ш. Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығы
48. М.Сералиннің өмірі мен шығармашылығы
49. С.Көбеев пен С. Дөнентаевтың өмірі мен шығармашылығы
50. С.Торайғыров өмірі мен шығармашылығы
51. Ә.Тәңірбергенұлының өмірі мен шығармашы- лығы
52. А.Байтұрсынов өмірі мен шығармашылығы
53. М.Дулатов өмірі мен шығармашылығы
54. Мағжан Жұмабаев өмірі шығармашылығы
55. Ж. Аймауытов өмірі мен шығармашылығы
56. С.Сейфуллин өмірі мен шығармашылығы
57. Б. Майлин өмірі мен шығармашылығы
58. И. Жансүгіров өмірі мен шығармашылығы
59. С.Мұқанов өмірі мен шығармашылығы
60. М.Әузов өмірі мен шығармашылығы
61. F.Мұсірепов өмірі мен шығармашылығы
62. F.Мұстафин өмірі мен шығармашылығы
63. F.Орманов өмірі мен шығармашылығы
64. Қ.Аманжолов өмірі мен шығармашылығы
65. Ә.Тәжібаев өмірі мен шығармашылығы
66. Қ.Мырзалиев өмірі мен шығармашылығы
67. М.Мақатаев өмірі мен шығармашылығы

Семинар жаттығулар мультимедиа құрылмалармен жабдықталған аудиторияда бір академиялық топта бір профессор-окытушы тарапынан өтілуі қажет. Жаттығулар актив және интербелсенді әдістер көмегінде өтілуі, сәйкес түрде педагогикалық және акпарат технологиялардан қолдану мақсатқа сай.

IV. Өзіндік білім және өзіндік жұмыстар
Өзіндік білім үшін ұсынылатын тақырыптар:

1. Сактар – кешпенділер.
2. Ғұндар дәуіріндегі тарихи-мәдени, әлеуметтік жағдай
3. Түркі қағанаты дәуіріндегі әдеби-мәдени жағдай
4. «Орхан-Енесей» жазба ескерткіштерінің зерттелуі
5. «Қортық ата кітабының» композициялық құрылышы
6. әл-Фараби – ақын
7. «Диуани лұғат-ат түрік» энциклопедиялық енбек.
8. А.Йұтнеки және «Ақиқат сыйы» дастаны
9. А.Йассауи және «Ақыл кітабы» дастаны
10. Қазақ әдебиетіндегі кисса-дастандардың алатын орны
11. Алтын Орда дәуірі әдебиеті
12. «Гулістан бит-турки» төл тума шығарма
13. «Мұхаббат-наме» дастанның көркемдік ерекшеліктері
14. «Хұсрау-Шырын» дастанындағы образдар жүйесі
15. «Жүсіп-Зылиха» дастанындағы образдар жүйесі
16. Бабыр және «Бабыр-наме» туындысы
17. Хайдар Дулати және «Тарих-и-Рашиди» еңбегі
18. Әбілғазы Баһадүрхан – шежіреші және тарихшы.
19. XIX ғасыр басындағы әлеуметтік-тарихи жағдай.
20. М.Өтемісұлы – құрескер ақын.
21. Т.Әлімқұловтың “Қара ой” әңгімесін оқу және талдау жасау.
22. С.Аронұлы – айтыскер ақын.
23. С.Аронұлы шығармалырының зерттелуі
24. Мәделі – әрі батыр, әрі ақын.
25. М.Сұлтанқожаұлының ақындығы.
26. Мұрат ақындығы
27. Біржан сал – көрнекті ақын
28. Біржан – айтыскер ақын
29. Сара Тастанбек қызының шығармашылығы
30. Ақан сері – әнші, ақын.
31. Ақан сері өлеңдерінің тақырыбы
32. Ы.Алтынсарин – педагог-ағартушы.
33. Ы.Алтынсарин – көрнекті ақын, талантты жазушы.
34. Шоқан – әдебиеттанушы ғалым
35. Шоқан – этнограф ғалым
36. Абай – кеменгер ақын
37. Абай – қазақ жазба әдебитінің негізін салушы
38. Абай қарасөздерінің тәрбиелік мәні

V. Курс жұмысын дайындау үшін ұсыныстар

Курс жұмысы – оқу үдерісімен қатар орындалатын жұмыстардың ең курделісі. Бұл, әдетте, студенттің нақты бір мәселені өз бетімен, шығармашылық бағытта ойластыру шамасын тексеру амалы болмақ, соған орай, оның ғылыми-зерттеу ісіне деген ынта-жігері, икемділігі, өз мамандығына байланысты білім дәрежесі байқалмақ.

Курс жұмысының тақырыбы ғылыми, практикалық маңызы жағынан аталаپ, жүйелі түрде талданылған тілдік деректер негізінде сипатталуға тиіс. Курс жұмысын бұлайша жазып құрастыру студенттердің қазақ тілі мен әдебиет пәндерінен білімін кеңейте түседі; ғылыми жұмыс жүргізуге ынталандырып, оның жолы мен әдісін үйренуге дағыландырады. Демек, курс жұмысы ғылыми-зерттеу ісінің алғашқы бір түрі болып саналады.

Курс жұмысы бір жыл бойында әзірленеді. Бұл – VIII семестр үшін орындастын жұмыска VII семестрдің басында кірісуі керек деген сөз. Осы кездерге дейін студенттер қазақ тіл білімі жайында біраз курстарды өтеді, негізгі әдебиеттермен (оқу құралдарымен) танысады, жалпы мамандық курсын салалары бойынша бақылау-жаттығуларын орындаиды. Бұлар курс жұмысының уақытында, талапқа сай жазылып бітуіне кең мүмкіндік береді. Эрине, курс жұмысының ойдағыдан, жақсы жазылуы студенттің өз мамандығынан қаншалықты теориялық, практикалық дайындығы барына және саналы түрде қызмет жасаудына байланысты.

Курс жұмысы тақырыптары

- 1.Сүйінбай – айтыскер ақын
- 2.Шәже – төкпе ақын
- 3.Майлықожа ақындығы
- 4.М.Өтемісұлы қүрескер ақын
- 5.Ақан сері – әнші ақын
- 6.Біржан сал – айтыскер ақын
- 7.Сара ақындығы
- 8.М.Көпееев – талантты ақын
- 9.Әнші ақындардың қазақ әдебиетіндегі орны
- 10.Ф.Мұсіпрепов шығармаларындағы ана бейнесі
- 11.Қ.Аманжолов поэзиясындағы Отан бейнесі
- 12.Ы. Алтынсарин – талантты жазушы
- 13.А.Байтұрсынов - фольклортануши ғалым
- 14.Махамбет поэзиясындағы Исатай бейнесі
- 15.Б.Майлип әңгімелерінің көркемдік ерешеліктері
- 16.М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Абай бейнесі
- 17.М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Құнанбай бейнесі
- 18.М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романындағы Жамал бейнесі
- 19.М.Жұмабаев – лирик ақын
- 20.М.Шаханов – ұлт мұддесін қорғаушы тұлға

	<p>21. Ж.Аймауытов романдарының көркемдік ерекшеліктері</p> <p>22. А.Токмагамбетов-сатирик ақын</p> <p>23. Жамбыл – ұлы сахараның жыршысы</p> <p>24. Абай – қазактың кемесцегер ақыны</p> <p>25. К.Мырзалиев және қазақ поэзиясы</p> <p>26. А.Байтұрсынов – адебиеттанушы ғалым</p> <p>27. Жамбыл – сахара сұнқары</p> <p>28. Құлтантамахмұт – дауір ақыны</p> <p>29. XX ғасыр басындағы баспасөз мәселесі</p> <p>30.Ә.Текірбергенов – қиссаышыл ақын</p>
3.	<p>VІ Пәнді оқыту нәтижесінде (калыптастын компетенциялар)</p> <p>Пәнді меншегеру нәтижесінде студент:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қазақ адебиеті тарихының қалыптасу, даму кезеңдері жайлы білуі; Қазақ адебиеті тарихында хатқа түскен шығармалардың ерекшеліктері туралы терең білімге ие болуы; (білім) • Теориялық білімді практикада қолдана білуі, дагды қалыптастыруға ие болуы; (дагды) • Қазақ адебиеті тарихында хатқа түскен шығармаларды тарихи-әдеби тұрғыдан сарапау, шығармалардың көркемдік ерекшеліктері жайлы жан-жақты түсіну ентілігіне ие болуы керек. (ентілік)
4.	<p>VII. Оқыту технологиялары мен әдістері:</p> <ul style="list-style-type: none"> • лекциялар; • интербелсенді әдістер; • тақырып бойынша кейс-сатдилар • семинарлар (СТО, проблемалы оқыту, сұрақ-жауап, т.б.); • топтық жұмыс; • презентация жасау.
5.	<p>VIII. Кредиттерді алу үшін талаптар:</p> <p>Пәнге тиісті теориялық және әдістемелік ұғымдарды толық игеру, талдау нәтижелері бойынша дұрыс шешім қабылдау, үйреніліп жатқан тақырып бойынша өзіндік ой-пікір айту және ағымдағы, аралық бақылау қалыптарында берілген тапсырмаларды орындау, қорытынды бақылау бойынша жазбаша жұмысты тапсыру.</p>
6.	<p>VIII. Негізгі және қосынша оқу әдебиеттер мен акпарат деректері</p> <p>Негізгі әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. Оқулық. – Алматы, «Санат», 2005. – 336 б. 2. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, «Санат», 1997. – 996 б. 3. Қалижан У. Қазақ әдебиетіндегі діни ағартушылық ағым. Алматы, 1998. 4. Абдувалитов Е. Қазақ әдебиеті тарихы. – Ташкент, 2020.

Көмекші әдебиеттер:

5. Классикалық зерттеулер: Көп томдық. – Алматы, «Әдебиет Әлемі», 2012. Т.6: Көне түркі әдебиеті туралы зерттеулер. – 408 б.
6. Қирабаев С Қазіргі қазақ әдебиеті. Алматы, 1998.
7. Қыраубайқызы А. Ежелгі әдебиет. Алматы, 2001.
8. Мағауин М. Гасырлар бедері. Алматы, 1991.
9. Ежелгі дәуір әдебиеті. II кітап. Хрестоматия (Кұрастырган Қыраубаева А.) Алматы, 1991.

Акпарат ресурстары:

<http://www.edu.uz>
<http://www.uzedu.uz>
<http://www.gov.uz>
www.pedagog.uz
www.cspl.uz
www.pedagog.uz
www.edu.uz
www.natlib.uz (A.Navoiy nomidagi O'z.MK)
www.ziyonet.uz - Ziyonet axborot-ta'lif resurslari portali

- | | |
|----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 7. | Шыршық мемлекеттік педагогика университеті тараپынан істеп шығылған және университет Кеңесінің 2024 жыл “ <u>29.08</u> ” <u>1</u> дағы қаулысымен бектілген. |
| 8. | Пән/модуль үшін жауапкерші:
Ж.Байзаков – ШМПУ-дің, “Өзбек тіл білімі” кафедрасының оқытушысы. |
| 9. | Пікір білдірушілер:
Т.Төрткулбаева - НМПИ, “Қазақ тілі және әдебиеті” кафедрасы ф.ф.ф.д. (PhD)
Абдувалитов Е.Б.- ТМПУ, “Қазақ тілі және әдебиеті” кафедрасы менгерушісі, п.ғ.д., (DSc). |